

**Ақшатау орта мектебінің 2022-2023 оқу жылына
арналған әлеуметтік педагогтың есебі**

Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмысының мақсаты: мектеп оқушыларымен, ата-аналармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын, жартылай жетім оқушылармен әлеуметтік қолдау, жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар тәртібінде ауытқушылығы бар және киын, құқық бұзуға бейім, балалармен әлеуметтік-психологиялық және құқықтық жұмыстарды ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Мектеп бойынша оқушылар санының көрсеткіші

р/с	Оқу жылы	Бала саны	Әлеуметтік жағдайы бойынша есепте
1	2022-2023	93	2/5

Мектеп бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайының көрсеткіші

р/с	Оқу жылы	Көп балалы	Аз қамтылған	Жартылай жетім	Әкесі қайтыс болған	Анасы қайтыс болған	Өгей әкелерімен тұратын	Өгей аналарымен тұратын	Үйден оқитын оқушы саны	Отбасында мүгедегі бар оқушы саны	Толық емес отбасының оқушы саны
1	2022-2023	40/47	2/5	2/3	3	0	0	0	0	0	3

«Жалпыға бірдей білім беру» қорынан тамақ ішетін оқушылар көрсеткіші

р/с	Оқу жылы	Аз қамтылған	Жан басына шаққанда орташа табысы күн көріс деңгейінен төмен	Қамқоршылық кеңесінің шешімімен қосылғандар	Жалпы саны
1	2022-2023	2	3	10	15

Мектеп бойынша оқушылардың «Жалпыға бірдей білім беру» айлығы бойынша «Мектепке жол» акциясы бойынша

АСП	1
Жан басына шаққанда орташа табысы күн көріс деңгейінен төмен	1
Көпбалалы отбасы балалары	4
Жартылай жетім оқушылар	1
Толық емес отбасы балалары	2
Қамқоршылық кеңесімен қосылған оқушылар	1

Ақшатау орта мектебінің 2022-2023 оқу жылының тамыз-қыркүйек айларында бекітілген өндірістік бұйрыққа сай мектеп әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілген әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары бойынша келесі жұмыстар атқарылды.

Ақшатау орта мектебінде 2022 жылдың тамыз –қыркүйек айларында «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды. Акцияға мектеп мұғалімдер мен жеке кәсіпкерлер қатысты. Жиналған сумма көлемі 95000 (тоқсан бес мың) теңге жиналды. Мектеп мұғалімдерінен жинаған 65000 теңге көлеміндегі қаражатқа 6 сынып оқушысы Әлімжанова Жаннаға спорттық киім мен

спорттық аяқ киім 19200 (он тоғыз мың екі жүз) теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілді. 1 сынып оқушысы Төлеу Әділге 5300 теңге көлемінде жұмыс дәптерлерімен қамтамасыз етілді. Қалған 41300 теңгеге аз қамтылған, көп балалы, толық емес отбасыларына оқу құрал жабдықтары алынып берілді.

Сонымен қатар ауылымыздың азаматы жеке кәсіпкер Бақтыгереев Нұрлан екі оқушымызға 10000 теңге көлемінде оқу құралымен көмек көрсетті.

Осы аталған іс –шараға Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы 4 сынып оқушысы Маратқызы Көркемге спорттық киіммен көмектесті. Аудандық мешіт 4 сынып оқушысы Құрманғалиева Айкөркемге мектеп сумкасымен оқу құралдарын, 3 сынып оқушысы Назар Айкөркемге спорттық аяқ киім алып берді.

«Әділбек» жеке шаруашылық төрағасы Аққасанов Ерболдат мектебіміздің 2 сынып оқушысы Қайрат Фаризаға 20000 теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетті.

Сонымен қатар «Самұрық казына» қоры 1 сынып оқушысы Зуһрабұлы Дидарға оқу құралдарымен сумка сыйға тартты.

Сынып жетекшілермен бірлесе отырып әр сыныптың әлеуметтік төлқұжаты және ата-аналар туралы мәліметтер жасакталды. Әлеуметтік қамқорлықтағы оқушылар оқулықпен қамтамасыз етілді. Сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу бойынша мәліметтер жинақталды. Мектеп оқушыларының әлеуметтік картасын жинақтау. Жартылай жетім балалар тізімі, жетім, қорғаншылыққа алынған балалар тізімі, көп балалы отбасы балалар тізімі, толық емес отбасындағы балалар тізімі, аз қамтылған балалар отбасыларының тізімі, сәтсіз отбасын анықтау. Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысымын жыл бойы тексеріп, себебі анықталып отырылды. Жалпыға бірдей міндетті білім қорынан бөлінген қаржыға тегін ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімін анықтау үшін 64 негізінде оқушыларды тізімге енгізіп, тегін тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың құжаттары жинақталды. Мектеп асханасының кестесі анықталым ыстық тамақ ішетін оқушылардың іс-шара жоспары бекітілді. Жоспарға сай асхана тексеріліп акт, хаттамалар толтырылып отырылды. Тамақ ішетін оқушыларға табель толтырылып отырылды. Әлеуметтік мәртебеге не оқушыларды ЖБМББҚ қаржысы есебінен тегін киім –кешекпен қамтамасыз етілетін оқушылардың тізімі жасалып көмек көрсетілді. Сабақтан себепсіз қалған әлеуметтік мәртебеге не оқушылармен жұмыс жыл бойы жүргізілді. Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі отырыстар ұйымдастырылып құқық бұзушылық туралы мектеп оқушыларына жұмыстар үнемі жүргізілді. Жартылай жетім, толық емес отбасы, көп балалы отбасы оқушыларына жаңа жылдық сыйлықтар жасалды. Обылыс, аудан әкімінің шыршаларына әлеуметтік қамқорлықтағы оқушылардың құжаттары жинақталып, қатыстырылды. Арнаулы санаттағы оқушылардың, көп балалы отбасылардың шыққан оқушылардың жазғы демалыс лагерьлеріне құжат жинақталып, тізім жасақтап оқушыларды лагерьге жеберілді. Ата-аналармен тоқсан сайын жиналыстар ұйымдастырылып отырды. «Жат діни ағым және қазақ қыздарының тағдыры» тақырыбында психологпен білесе отырып иқыздар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Сонымен қатар оқушылардың және ата-аналардың діни сауаттылығын анықтау мақсатында сауалнама алынып, қорытындысы шығарылды. Нәтежесінде жат ағымдағы ата-аналар мен оқушылар анықталмады.

Арнаулы санаттағы оқушылардың үйірмелерге қатысуы анықталып отырды. Әлеуметтік қамқорлықтағы оқушылардың сабақтарға қатысуын сонымен қатар балалардың тұрғын – жайын зерттеп акт толтырылып отырды. Ата-аналар жиналысына қатысып сынып жетекшілерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен үнемі байланыста болып жұмыс жүргізілді. Әлеуметтік педагог пән мұғалімі, сынып жетекшісі, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен мектеп психологімен тығыз байланысып біріккен жұмыс жоспарымен жұмыстанып отырды. Жыл сонында әлеуметтік педагог қызметінің жылдық жұмыс нәтежесінің қорытынды есебі жасакталды.